


Математика 2 -сынып




«Бақытты сәт» математикалық сайыс




Сабақтың мақсаты:


Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, математикалық ойлау қабілетін дамыту, алған білімдерін тереңдету, кеңейту, есептеу дағдыларын жетілдіру.




Сабақтың міндеттері:



Өткен тақырыптарды
қайталай отырып,
білімдерін тиянақтау,
бекіту, бағалау.




Тапқырлыққа,
шапшаңдыққа, өз
бетінше, топпен жұмыс
жасай білуге тәрбиелеу.




Логикалық ойын,
сана – сезімі мен тілін
дамыту.
Еске сақтау қабілеттерін
дамыту





Психологиялық дайындық



*Математика - қызық пән,
Бәріміз оны білеміз.
Қызықты есеп шығарып,
Тез жауабын береміз.*



Математикалық сайыстың барысы:

Сыныпты 2 топқа бөлу

*Тапқырлық сайысы
(логикалық есептер)*


*Математикалық
жұмбақ есептер*



*«Кім жылдам?» сайысы
(ребус шешу)*

*Біліктілік сайысы
(есептер шығару)*

*Ойымды жалғастыр
(мақал-мәтелдер)*

*«Қас -қағым сәт» сайысы
топқа сұрақ*





*«Үшбұрыш
тобы»*

«Шаршы тобы»



I бөлім



*Тапқырлық
сайысы*



«Үшбұрыш» тобына

- ❖ *Ағаш үстінде 100 торғай отырады. Аңшы 10 торғайды атып алады. Торғайдың қаншасы қалды?*
- ❖ *Қарындасы төрт жаста және інісінен 2 жас үлкен, ал ағасынан 2 жас кіші болса, ағасы мен інісі неше жаста болғаны?*
- ❖ *Төртбұрышты шоколад 9 бөлікке бөлінген. Света 3 бөлігін, Серік 2 бөлігін жеді. Шоколадтың қанша бөлігі қалды? Аз бөлігі ме, әлде көп бөлігі ме?*



«Шаршы» тобына




- Қарындасы 3 жаста, ағасы 5 жаста. Ағасы 8 жасқа толғанда қарындасы неше жасқа толады?
- Асханаға 10 кг пияз және одан 3 есе артық картоп әкелінді. Асханаға неше кг картоп әкелінді?
- Бір жанұяның бес ер баласы және олардың әрқайсысының қарындастары бар. Жанұяның қанша баласы бар?



II бөлім

«Біліктілік» сайысы



«ҮШБҰРЫШ» ТОБЫНА



1. Теңдеуді шеш:

$$32+x = 40+3+2$$

2. Су қоймасында 16 үйрек және 14 аққу жүзіп жүрді. 12 құс ұшып кетті. Су қоймасында неше құс қалды?

$$3.47 \text{ см} = \square \text{ дм } \square \text{ см}$$



Қимақ.


Мақсаты: тез есептеу дағдыларын ұштау.

Қажетті құрал - жабдықтар: қайшы, тапсырмалар жазылған карточкалар.

Ойынның мазмұны. Ойынға жалпы сынып қатысады.

Тақтаның алдында жіпті керіп, оған тапсырмалар жазылған карточкалар ілінеді. Шақырылған оқушы көзін байлап, жіптегі карточканы қиып алады. Тапсырманы орындаған соң жетон алады. Сабақ соңында кім көп жетон алса, сол «жеңімпаз» атанады.





Қимақ.

Мақсаты: тез есептеу дағдыларын ұштау.

Қажетті құрал - жабдықтар: қайшы, тапсырмалар жазылған карточкалар.

Ойынның мазмұны. Ойынға жалпы сынып қатысады. Тақтаның алдында жіпті керіп, оған тапсырмалар жазылған карточкалар ілінеді. Шақырылған оқушы көзін байлап, жіптегі карточканы қиып алады. Тапсырманы орындаған соң жетон алады. Сабақ соңында кім көп жетон алса, сол «жеңімпаз» атанады.






III бөлім



*«Үшбұрыш»
тобына*

*Бір алманы төртке бөлдім,
Бір бөлігін жеп те көрдім.
Қалған үлкен үш бөлігін
Қасымдағы үш досыма бердім.
Қолымда менің не қалды?*



«Шаршы» тобына

*Көлден ұшты жеті
қаз,
Қайтып қонды 15 қаз
Қонбады оның нешеуі,
Кәне кім шешеді?*



IV бөлім

«Ойымды жалғастыр»

*(жалпы топқа мақал –мәтелдің
алғашқы бөлігі айтылады,жалғасын
шапшаң табуы тиіс)*

1. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл

2. Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар

3. Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас

4. Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына

5. Бір елі ауызға – екі елі қақпақ


6. Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын

7. Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды

8. Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз

9. Бір кісі қазған құдықтан, мың кісі су ішеді

V бөлім



«КІМ ЖЫЛДАМ»






Ребусы шешу

«Үшбұрыш» тобына

«Шаршы» тобына

“ “ Ш “




VI бөлім




«Қас — қағым сәт»

(жалпы топқа 20 сұрақ қойылады, әр топ жылдам жауап беру арқылы балл жинайды)



- 
1. *Бойы екі қарыс, сиып тұр 25 арыс (сызғыш)*
 2. *Ұзындықтың өлшем бірлігі (метр)*
 3. *100 кг-да қанша грамм бар? (100 000г)*
 4. *Барлық қабырғалары тең тіктөртбұрыш (шаршы)*
 5. *2 мен 6 ның қосындысы (8)*
 6. *Оқушы 6 тіктөртбұрыш және 8 шаршы қиды. Оқушы барлығы неше фигура қиды?*
 7. *90 –ға 11 мен 9- дың айырмасын қос (92)*
 8. *Үш санның қосындысы 3-ке тең. Қосылғыштар қандай сандар? (1)*
 9. *Массаның ең кіші өлшем бірлігі? (мг)*
 10. *1 кг –да қанша грамм бар?*

- 
11. Жануарда екі оң аяқ, екі сол аяқ және екі алдыңғы, екі артқы аяғы бар. Сонда неше аяғы болғаны? (4 аяқ)
12. Болат сағат түскі 14.00 –де бір шелек қар әкелді. Ол сағат 17.00-де ереді. Қар неше сағатта ереді? (3 сағат)
13. Шөптің арасында қояндар тығылып отыр. Олардың 8 құлағы көрінеді. Неше қоян тығылып отыр? (4 қоян)
14. Қоршаудың ішінде бұзаулар жүр. 8 аяқ көрінеді. Бұзаулар нешеу? (2 бұзау)
15. Екі ана, екі қыз және немересімен әжесі бір үйде тұрып жатыр. Жанұяда неше адам болғаны? (3 адам)
16. Екі ұл мен екі әке 3 жұмыртқа жеді. Әрқайсысы неше жұмыртқа жеген? (әрқайсысы 1 жұмыртқадан)
17. Бір қарыс жәптә үш бөлікке бөлу үшін неше рет кесу қажет? (2 рет)
18. 1 киллограмм қант пен 1 киллограмм мақтаның қайсысы ауыр? (тең)
19. Оқушы кітапханадан 7 кітап алды. Бесеуінен басқасын оқып шықты. Енді нешеуін оқуы керек? (5)
20. Отбасында 4 ұл бала бар. Әр ұл баланың 1 қарындасы бар. Отбасында неше бала бар? (5)

Марапаттау

*(әр топ ұнай саны бойынша
марапатталады)*



Назарларыңызға рахмет, сау болыңыздар!!!

